

«Балапан» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ны



Бекітемін:
«Балапан» бөбекжай-
бақшасының директоры:

М.Ж. Биксариева
М.Ж. Биксариева
«31» тамыз 2023 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптар «Мектепалды» тобының 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Даулетова Ф.Ш

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балапан» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Мектепалды»»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен кадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету;</p> <p>Сөздік қор. балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын</p>

		қалыптастыру;
	Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Мәнерлеп оқу. Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу;</p> <p>Мазмұндау. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету;</p> <p>Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, тенеулерді қолдануға үйрету;</p> <p>Адамгершілік нормалары туралы түсінік. ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын;</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>1) "Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>2) балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету;</p> <p>3) дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;</p> <p>4) қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.</p>
	Қазақ тілі	<p>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (қазақ киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p>

	Математика негіздері	<p>Жиын.</p> <p>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p>
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру.</p> <p>Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату</p>
	Сурет салу	<p>Сюжеттік сурет салу:</p> <p>бейнелерді бүкіл паракқа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру. Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды қолдана отырып, балаларды табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Ертегі желісі бойынша сурет салу;</p>

		<p>Сәндік сурет салу. түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту.</p>
	Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу. Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну.</p>
	Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қиюды үйрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.</p> <p>Сәндік жапсыру. түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету</p>
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балапан» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Мектепалды»»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

		<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету; Сөздік қор. балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту; Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқу, әңгімелеу. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Мәнерлеп оқу. Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу; Мазмұндау. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету; Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, тенеулерді қолдануға үйрету; Адамгершілік нормалары туралы түсінік. ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын;</p>

	Сауат ашу негіздері	<p>1) "Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>2) балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету;</p> <p>3) дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;</p> <p>4) қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.</p>
	Қазақ тілі	<p>Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.</p>
	Математика негіздері	<p>Сан және санау.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңсіздік шығару.</p> <p>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау</p> <p>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін</p>

		бағдарлай білу.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.
	Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
	Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша